

# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Мишель Фуко  
«Автор деген кім?»





**Мақсаты:** Мишель Фуко еңбектерін ессіздік (безумие), дискурс, авторлық табиғат және оның құрылымдық ерекшеліктері сияқты ұғымдарға назар аудара талдап көрсету; білімді нысандарды дискурсивті негізде қалыптастыратын амал ретінде анықтау.

**Кілт тіркестер:** дискурстағы білім, дискурстық нормалар, локус, индикативті қызмет, транс-дискурсивті жағдай

**Негізгі идеялар:**

- Мишель Фуко – француз философы, мәдениет тарихшысы.
- Білім – нысандарды дискурсивті түрде қалыптастыратын амал.
- Фуконың «Автор деген кім? (түпнұсқада – не?) трактаты және оның тұжырымдамалық негізі.
- «Автор» «саналы сананың локусы» ретінде.
- Мәдени және дискурсивті ортадағы шығармашылық.
- Автор есімі жалқы есім ретінде. Автордың функционалды ерекшеліктері.

Мишель Фуко 1926 жылы 15 қазанда Пуатье қаласында дәрігер отбасында дүниеге келді. Сорбоннада білім алған ол 1960–1968 жылдары Клермон-Феррана университетінде дәріс берді. Кейін Венсен университетіне ауысты. 1970 жылдары Фуко Коллеж де Франста ойлау жүйесінің тарихы туралы баяндады.

1961 жылы Фуко алғашқы ойлары мен идеяларын «Классикалық дәуірдегі ессіздік тарихы» атты еңбегіне арқау етті. Оның ойынша, «ақыл-ой дәуірінде», сана өзін анықтау бағытында болғанда, ессіздік туралы жаңа түсінік қалыптасады, ол санасыздықтың кез келген бірліктерін жоққа шығарады. Ұғымдардың өзге тарихи трансформациялары туралы мысалдар ғалымның «Клиниканың пайда болуы» атты еңбегінде қамтылды. Зерттеу Ұлы француз революциясы кезеңіндегі клиникалық медицинаның қалыптасуын сөз етеді. Философтың айтуына қарағанда, жаңа клиникалар бұл тек медициналық тәжірибенің өлшемі ғана емес, дәрігердің ойлау жүйесіндегі өзгерістер деп танылу керек. Автор енді адам толығымен емес, оның жекеленген ағзалары емделеді деп тұжырымдады. Фуко бұл феноменді өзге өзгерістер жігімен байланыстыра келе, позитивизм мен феноменологияның да пәлсапалық қозғалыстары жаңа «көру» мен «танудың» амалы болу қажет деп тұжырымдады.

Фуконың көптеген көзқарастары структурализммен тығыз байланыста қарастыруға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, біріншіден, холизм туралы сөз қозғағанда, білім жүйесі өз алдына жеке емес, тұтасқан бірлік ретінде зерделенді; екіншіден, сөзге деген зейін білім жүйесін пікірлердің арасындағы сабақтастық деп қабылдауға септігін тигізді; үшіншіден, мағынаға деген қарсы көзқарас немесе жек көрушілік нық қалыптасқан алғышарттардың санаға тәуелсіз бейнеленуін түсіндірді; төртіншіден, дискурстың «терең құрылымдарын» анықтауға деген талпыныс айтылар ойдың айқындаушысы болды; бесіншіден, анонимдік пікірлер нақты танымал адамдардың пікірінен жоғары тұрды(1).

Фуко ессіздік туралы баяндай отырып, білім мен дискурс арасындағы байланысты негіздеді. Білім дискурс арқылы бекітіледі әрі білім өз нысандарын дискурстық негізде қалыптастырады деп есептелді. Айта кететін мәселе, ессіздіктің орта ғасырлық дискурсы он тоғызыншы ғасырдағы ғылыми дискурсқа қарағанда, әлдеқайда өзгеше болды. Әр дискурстағы бір нысан әр түрлі мағынаны білдіру мүмкіндігіне ие болды. Әр дискурстың айтылар ойларды реттейтін өзіндік ережелері де дамытылды. Мысалы, лаңкестік әрекет туралы баяндап тұрып, «мүмкін біз қателесеміз, олардікі дұрыс та шығар» деп айта алмаймыз. Дискурстар реттілік пен заңды әрекеттерді жүйелеп отыратын ережелермен сипатталады, нәтижесінде қоғамдағы билік тармақтарының да, басқарушы элитаның да басымдық танытатын дискурстар арқылы қолдау табуын анықтауға болады. Дискурс нормативтік сипатқа ие. Ол биліктің жұмысын жеңілдетеді. Фуко байқаған өзгерістер көп жағдайда жазалаумен қатар жүреді.

Ғалым өзінің ерте кезде жазылған «Автор деген кім?» деген эссесінде тек субъект немесе индивид қана өз әрекеттерін толық қадағалай алады деп көрсетті. Өз тіршілігін жалғастыру үшін адамзат санасы тіл толқындарымен үндестік тауып, ойлап, тану әрекеттерін жүзеге асыру керек деп есептелді. Ғалым: «Біз әлем туралы категориялар мен терминдерге сүйене



отырып, ойлаймыз», - деп атап көрсете келе, «автор» ұғымын «саналы ойлаудың локусы» деп бағалады. Локус генетикада белгілі бір геннің орналасу орнын айқындайды. Демек, біздің қабылдауымызда бұл – зерттеудің өз алдына бөлек бір нысанын құрай алатын мәселе. Локус пен дискурс арқылы ойды реттеу мүмкіндігі пайда болып, жаңа тарих беттері жазылады. Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизм дискурсы әлем туралы және ізгілікке бағытталған ғұмыр хақында дүниетанымымызды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ақылдың адам денесінің эмоциялары мен талпыныстарынан жоғары тұрар бақылау қағидаттары сараланады. Бұл мәселелер барлық авторларға тән ұстанымдарды дамыта отырып, ешқайсысының ойлап тапқан жеке үлесін құрай алмайды.

Дискурс арқылы әртүрлі авторлардың әлем хақындағы ортақ ойлары айқындалатын шарттар тізбегі жинақталады. Кезінде жеке шығармашылықпен бекітілген ұстанымдар әдебиет туралы ойлаудың көнерген үлгісін түзе отырып, авторлық даналықтан шығармашылық әлемдегі мәдени әрі дискурсивті ортаға қарай ауысу қажеттігіне мән берді.

«Автор» ұғымының пайда болуы идеяларды, білімді, әдебиетті, пәлсапаны және өзге де ғылымдарды дамыту бағытындағы жекешелену мүмкіндігін таныту алғышарты деп қабылданады. Бүгінгі күні де, біз әдеби жанр немесе пәлсапа мектебі тұжырымдамаларының қалыптасу тарихын жаңғырту кезеңінде, олардың мән-мағынасы авторлық бірліктен әлдеқайда әлсіз болып көрінетіндей. Бұл жерде авторлық тұлғаның әлеуметтік-тарихи тұрғыдан талдануы міндет етілмейді, оның орнына автордың жеке тұлғалық болмысын зерделеу мақсаты көзделді. Ол үшін Фуко автор ұғымының шынайы бірліктеріне баса назар аудару керектігін атап өтеді. Сол арқылы теоретик «адам сыны және оның еңбектері» сияқты маңызды категорияларға басымдық береді.

Аталмыш зерттеу аясында Фуко мәтін мен автор арақатынасын басты нысан етті. Бекетке сілтеме жасай отырып, философ мынадай ойлар тізбегін ұсынды: «Кімнің сөйлеп тұрғаны маңызды ма?» деген сұраққа жауап беру мақсатында Фуко «бейжайлық» деген ұғымға назар аударады. Ол адамның айту не жазу қабілетін сипаттайтын ерекшелікке емес, тек қайталанбалы имманентті ережеге жатқызылады. Осы мақсатта ғалым екі түрлі тақырыптың салыстырмалы талдауын ұсынады. Бірінші бағыттың ерекшелігін Фуко төмендегідей түсіндіреді: «Бүгінгі хат өзін бейнелей алатын қабілетінен арылғандай. Ол тек өзіне өзі бағытталғандай. Хат тек өзінің ішкі пішінімен бірлік тапқандай. Бұл таңбалардың өзара әсер етуі жүзеге асып жатқанын байқатады... хат ойын үлгісі ретінде өз шегінен шығып, өз ережелерін бұзып тұрғандай...» (2).

Екінші тақырып – өліммен қарым-қатынас. Бұл ойлар тізбегі грек эпостарынан бастауын алған ежелгі дәстүрді жоққа шығарып тұрғандай, себебі бұрын өшпес із қалдыру арқылы мәңгілікке бедерлеу, кейіпкерді жастайынан құрбан ете отырып, өшпес ұстанымдарды насихаттау орын алатын. Кейін араб ертегі-аңыздарына сүйене отырып, өліммен күрес ұғымы қалыптаса бастады. Айталық, «Мың бір түн» оқиғасының желісіне назар аударсақ, баяндау, күнделікті аңыз айту арқылы өліммен күрес сюжеті алға шыққандай әсерде боласың. Шахризада әңгімелеу арқылы өмір атты үлкен сыйға қол жеткізгендей. Демек, мәдениеттің әсерімен жаңа ойдың, жаңа идеяның трансформациясы байқалды. Сонымен қатар, бұрын құтқаруға бағытталған оқиғалар желісі енді өлтіру идеясын да қозғағандай. Айталық, Флобер, Пруст және Кафка туындыларындағы мотивтерді естеріңізге түсіріңіздер. Бұл бағыт авторлық жеке сипаттың да бірте-бірте жойылуына әкелді. Алуан түрлі сипаттау құралдарын пайдалана отырып, автор өзі көлеңкеге жылжи-жылжи, мүлдем ғайып болатындай. Нәтижесінде Фуко жазушының табиғаты сингулярлық ұғымға айналатындай ой туындайды деп жазды.

Ғалымның айтуы бойынша, сыншылар мен философтар автордың ғайып болғанын тек біраз уақыт өте ғана байқады. Автордың шығармадағы орнын анықтайтын бірсыпыра маңызды ұғымдар екінші кезекке шегеріліп, алдыңғы қатарға автордың орнын ауыстыр алатын мәселелер шығарылды. Осыған орай, Фуко екі түрлі ұғымды айқындады. Бірінші ұғым – шығарманың идеясы. Шығарманы талдау оның құрылымы, архитектурасы, ішкі түрі арқылы жүзеге асырылу тиіс деп есептелді. Осы жерден туындайтын сұрақтар қатары төмендегідей: «Шығарма дегеніміздің өзі не?», «Қандай одақты біз шығарма деп атай аламыз?», «Ол қандай бөлшектерден құрылады?», «Бұның барлығын автор жазды ма?» Нәтижесінде сан қилы талдау қиындықтары туындап, автор туралы мәселенің ашылмаған қырлары анықтала бастады. Саде мұрасын еске алайық, деп жазды ғалым. Оның авторлық мәртебесі дәлелденбеген кезде, жазылған қағаздар тек автор ойлары пана тапқан фантазиялар жігі деп қана қабылданар еді.



Тіпті адам автор ретінде дәлелденген кездің өзінде біраз сұрақтар туындайтыны да ақиқат. Жазылғанның барлығы осы автордың қаламынан туындады ма? Бұл жерде теориялық та, техникалық та мәселелер пайда болуы мүмкін. Мысалы, Ницше жұмыстарының басылуын қарастырып көрейік. Қай жерде тоқтауымыз керек? Бәрі басылып шығу керек деген кезде, бәрі немесе барлығы деген ұғымның астарында қандай мәселелер анықталуы мүмкін? Ницшенің өзі жазғанның барлығы деп жауап берілер. Дегенмен оның қолжазбалары ше, жоспарлары ше, өшірілген ойлары ше?... деген сияқты сан алуан сұрақтар қойылары сөзсіз. Өзінен кейін қалған еңбектермен жұмыс істеу дегеннің өзіндік қыр-сыры бары анық. Еңбектер туралы теория жоқ. Нәтижесінде эмпирикалық міндеттерді шешу, өзгенің шығармаларын редакциялаумен айналысу сондай теорияның қажеттілігін тағы бір дәлелдей түседі.

Ғалым өз тұжырымдарында көптеген мәселелерді қамтуға тырысады. Сөйтіп талдаулар бағытын жүйелейтін бірнеше сұрақтар жігін ұсынады: «Мың бір түн өзіне тиісті міндеттерді атқара алды ма?», «Ал Климент Александрийскийді немесе Диоген Лаэртті алсақ ше?». Осыған сәйкес, жұмыс туралы ұғымға қатысты бірақ сауалдар туындады. Фуко, демек, шығарманы оның авторынсыз немесе авторына сілтеме жасамай-ақ зерттеуге болмайды деген қорытындыға келеді. Әрине, шығармадағы сөздің күш-қуаты автордың жеке тұлғалық мәртебесімен парпар деп түсіндірілді. Фуко, жазба шығармалардың мәнін таразылай келе, әр мәтінді кеңістік ұғымымен сабақтастыра қарастырды.

Трактаттың авторы жазылымның қазіргі түсінігін де талдады. Нәтижесінде автордың эмпирикалық сипаттамалары трансцендентальды бейтаныстыққа алып келді. Фуконың айтуы бойынша, автор жоқ болып кетті деп қайталай берудің өзі жеткіліксіз. Оның орнына бос кеңістікті, яғни автор ғайып болғаннан кейін пайда болған бос кеңістікті табу керек. Оларды мұқият таразылап қарау қажет. Осыған орай, автор атын қолданумен байланысты мәселелерді саралап алған жөн. Мысалы, Автордың есімі дегеніміз не? Ол қалай жұмыс істейді?

Автордың есімі жалқы есім болып табылады, сондықтан барлық жалқы есімдерге тән ортақ проблемалардың тоғысы да болады. Оның себебін жалқы есімдерге тек сілтеме ғана жасап қоюға болмайды деген қағида анықтар. Ол индикативті функциялардан ерекшеленеді, өйткені сөйлеу арқылы берілетін ақпараттың нақты нысанды меңзеуі не меңземеуі байқалып жатады. Айталық, Аристотель деген кезде барлығымыздың көз алдымызға белгілі бір баламалы ұғымдар жіктемесі елестейді. Мысалы, «аналитиканың авторы», «онтологияның негізін қалаушы», «еліктеу теориясын негіздеуші» және т.б. Жалқы есімнің тек бір ғана мағынасы болмауы мүмкін. «Рухани аңшылықты» Артур Рембоның жазбағанын біле тұра, басқаша ойлаудың қажеті де болмас: бұл жерде автордың есімі де, шығарманың аты да өзгере қойған жоқ. Жалқы есім мен автордың есімі сипаттау мен айқындаудың екі ұшында, екі қиырында жатыр деп айтуымызға болады. Олардың арасында тек белгілі бір байланыс сақталу керек. Дегенмен жалқы есім мен адам есімінің арасында да, автор есімі мен жалпы есімдер арасында да пайда болатын байланыс изоморфты деп айтуға болмас, оның қызметі біркелкі емес.

Автор материалдың қарапайым немесе жай ғана қайта жинақталған үлгісі бола алмайды деген тұжырым бірнеше өзіндік белгілерді қалыптастырды. Мысалы, грамматиктер үшін белгі немесе таңба ретінде өздік есімдіктер, уақыт пен мекендік мағынадағы үстеулер, етістіктердің жіктелуі қарастырылады. Авторға қатысты қарастырылатын дискурс ұғымында олардың атқарар қызметі аса маңызды емес, сондықтан соңғы кездері оларға шынайы шешендер мен оның дискурсын саралайтын кеңістік пен уақыт бағыттары жатқызылды. Авторды шынайы жазушымен теңестіру дұрыс болмас, сол сияқты оны фиктивті шешенмен де қатар қою қате. Шын мәнінде, автордың өз кеңістігі мен өз өлшем бірліктері болатыны ақиқат. Романтикалық немесе поэтикалық дискурсты сипаттайтын ерекшеліктер қатарында квади-дискурстарды атауға болады. Барлық сөйлеу үлгілерінің авторлық функциясы болатыны шындық, оның ішінде көптеген «мен» ұғымдары көрініс таба алады, мәселен, «мен қорытындыладым», «мен есептеймін»... Кейде «мен» деген ұғымның нақты бір адамға қатысы байқалмай жатады, кейде ол нақты бағытталуды көздейді. Бұл трактатта, сонымен қатар, үшінші «менді» табу мүмкіндігі бар деп есептеледі. Ол нақты бар немесе енді пайда болатын математикалық дискурстар аясынан орын алады. Фуконың ойына сәйкес, автор осы үш «менге» де әсер ете алатын маңызды бірлік деп танылады.



Талдау арқылы автор қызметінің айрықша мінездемелерін анықтауға болар. Соның ішінде ғалым тек төртеуімен шектелуді дұрыс көрді, себебі Фуко үшін олар әлде-қайда маңызды және назарға ілігетіндей еді. Олардың қатарында, біріншіден, автор беделінің құқықтық және институционалды жүйемен тығыз байланыс құрайтыны аталды; ол дискурс кеңістігін қамти отырып, әрі қалыптастыра, әрі анықтай алады деп тұжырымдалды. Екіншіден, автор барша өркениеттің кіндік нүктесі болмайды. Үшіншіден, бұл жерде дискурс кездейсоқ түрде емес, жүйеленген нақты да күрделі әрекеттерден құралады деген ой айтылады. Төртіншіден, автор жай қарапайым адамнан бөлек тұлға, өйткені ол сан мыңдаған «мендерді» дүниеге әкеліп, әр түрлі индивидтердің топтарын айқындай алады.

Автор категориясын зерттеудегі дискурсивті әдістің қажеттілігін түсіндіре отырып, Фуко оның өзге өнер түрлерімен салыстырыла анықталатын құрылымдық ерекшеліктерін де жоққа шығармайды. Бұл қатарда музыка, бейнелеу өнері аталады. Философ: «Мен авторды адамға тән қасиет-қабілеттер тұрғысынан шектеп талдадым. Бұл қатарға заңды түрде мәтін жазуды, кітап шығаруды және шығарманы дүниеге әкелуді жатқызуға болар. Дискурс аясында теория мен дәстүр тұрғысынан авторлықты анықтау қиынға соқпас. Бұл жағдайдағы авторларды мен трансдискурсивті деп атар едім. Бұл – біздің өркениет сияқты қайталанбалы құбылыс. Сөзсіз, Гомер, Аристотель, шіркеу басшылары, сол сияқты алғашқы математиктер мен Гиппократ дәстүрін қалыптастырушылар тиісті үлестерін қоса алды...», – деп жазды (2). Фуко өзінің тұжырымдамалық көзқарасын авторлардың дербес табиғатымен түсіндіреді. Оның айтуына қарағанда, авторлар тек өз жеке шығармаларын жасаушылар ғана емес, олар барлық мәтіндерге ортақ заңдылықтарды қалыптастырушылар деп ұғынылады. Бұл ретте Фуко Фрейдті «Түстер түсініктемесінің» («Интерпретация сновидений») немесе «Қалжыңдардың» («Шутки») авторы ретінде ғана емес, ал Марксті «Коммунистік манифесттің» авторы тұрғысынан ғана емес, дискурстың шексіз мүмкіндіктерін танытқан тұлғалар ретінде жоғары бағалайтынын атап өтті.

Мишель Фуконың «автор» табиғатын дискурсивті негізде түсінуге, салыстыруға және талдау жасауға ұмтылуы кейін көптеген жаңа да қызықты ой түйіндерінің туындауына түрткі болды. Нәтижесінде, автор өзіне ғана тән өзгеше қабілеттер мен функционалды ерекшеліктерге ие болатын тұлға ретінде танылып, жазушылар мен шешендерден өзінің миссиясымен әрі дискурсивті бағытымен ерекшеленеді деп қабылданды. Соның арқасында автор кейде трансдискурсивті деп те есептелді.

### Бақылау сұрақтары

1. Мишель Фуконың қандай ғылыми еңбектерін ерекше деп бағалауға болады?
2. Білім нысандарды зерттеудегі дискурсивті амал-тәсілдерді қалай қалыптастырады?
3. «Автор деген кім?» деген Фуко трактатында қандай тұжырымдамалар ұсынылады?
4. Неге «автор» «саналы сананың локусы» ретінде қарастырылады?
5. Фуко авторға тән қандай құрылымдық ерекшеліктерді бөліп көрсетті?

### Қолданылған дереккөздер

[http://www.krugosvet.ru/enc/istoriya/FUKO\\_MISHEL.html](http://www.krugosvet.ru/enc/istoriya/FUKO_MISHEL.html)

Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 219–230 беттер.